

Балалар жылы



Өскелең ұрпақ - сыбайлас жемқорлыққа қарсы

ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жария етті. Өрине, оның өзіндік ерекшелігі бар. Себебі, балалар болашағымыз, еліміздің ертеңі. Оларды білімді, мәдениетті, әдепті, парасатты етіп тәрбиелеудің маңызы зор. Қазіргі таңда Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№5 мектеп - гимназиясы» КММ – нің ұстаздары өскелең ұрпақты құқық бұзушылықтардан, қылмыстардан сақтауда түрлі мазмұнда іс – шаралар ұйымдастырып келеді. Соның бірі ретінде Мемлекет басшысының басты саясаты болып табылатын сыбайлас жемқорлықпен күресу бағытында жүргізілген жұмыстарды айтып өтуге болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады. Міне, осы бағытта мектеп - гимназиямызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы деңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары ұйымдастырылып келеді.

Біз ортаңғы буын балаларына патриотизм, өз Отанын мақтан ету, елдің қоғамдық құрылымын

құрметтеу, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, адамның азаматтық құқықтарын білу және құрметтеу сияқты тұлғалық қасиеттерді жиі насихаттап жатырмыз. Ал, жоғары сыныптарда білім алып жатқан болашақ мамандарға сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік қатері, кәсіпкерлікке зияны түсіндіріліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелерін білу бойынша қажетті кеңестер беріледі. Соның ішінде кәсіптік этика туралы басты түсінік беріліп, мемлекеттік қызметтің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаларын білудің маңыздылығы айқын жеткізілді.

Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекет үшін қауіптілігін түсіндірудің маңызы зор. Осы орайда, біз сабақтарда оқушылардың құқықтарын да жете түсіндіріп барамыз. Иә, құқықтық норманың басты қызметі - әділеттілік орнату. Аристотель құқықты саяси шындық, әділеттік десе, атақты француз педагогы Руссо құқықты қоғамдық билік деп түсіндірді. Құқық азаматтардың қоғамдық ортадағы бостандығын қамтамасыз етеді, мінез-құлқына, іс- әрекетіне, тәртібіне, сана сезіміне жан-жақты есер етеді, мүдде-мақсаттарының іске асуына әділ жағдай жасайды, әр түрлі қылмыстық ниеттегі адамдардың теріс

әрекеттерінен қорғайды, қамқорлық жасайды.

Егер оқушыларға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айқындап бере алсақ, болашақта олардан елін сүйген, Отанын қадірлейтін, азаматтарға қамқор бола алатын тұлғаларды күтеміз. Бүгінгі күнде жана демократиялық қоғамда өмір сүруге икемді патриотты азаматты қалыптастыру – басты мәселе болып табылады. Оқушыларға қазақстандық отаншылдықтың, азаматтық сана сезімінің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің, толеранттықтың және тұлғаның әлеуметтік мағыналы қасиеттердің қалыптасуына атсалыса алсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Г.Барлыбаева, Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№5 мектеп – гимназиясы»

КММ – сі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

